

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің "Кесіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын мүліктік кешен түрінде сату бойынша екі кезеңдік рәсімдер арқылы конкурс өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 шілдедегі № 428 қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 103-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің "Кесіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын мүліктік кешен түрінде ең жоғары баға ұсынған қатысушыға сату бойынша екі кезеңдік рәсімдер арқылы конкурс өткізсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

*Б. Сагынтаев*